



ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты филология ғылымдарының докторы, профессор **Нұргелді Мақажанұлы Уәлидің** 80 жылдық мерейтойына орай 2025 жылдың 21 қарашасында өтетін **«Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ тілтанымы: ғалым, уақыт, кеңістік»** атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға шақырады.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

I секция: СИНХРОНДЫ ТІЛ БІЛІМІ

- Қазақ фонетикасы мен фонологиясы
- Қазақ жазуы, орфографиясы және орфоэпиясы
- Лингвоэкология, тіл және сөз мәдениеті мәселелері
- Қазақ лексикологиясы мен фразеологиясы
- Қазақ ономастикасы
- Қазақ терминологиясы
- Қазақ грамматикасы
- Қазақ лексикографиясы

II секция: АНТРОПОӨЗЕКТІК ТІЛ БІЛІМІ

- Когнитивті лингвистика мәселелері
- Ауызша және жазба тіл, сөзсаптам мәселелері
- Қазақ лингвостилистикасы және лингвосинергия
- Психолингвистика мәселелері
- Мәтінтану, тұлғатануға қатысты зерттеулер
- Алаштануға қатысты зерттеулер
- Қазақ прагматлингвистикасы
- Қазақ лингвомәдениеттануы
- Этнолингвистика және лингвоэтнография

III секция: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ДИАХРОНДЫ ТІЛ БІЛІМІ

- Қазақ лингвистикасының жаңа парадигмалары мен бағыттары
- Жалпы тіл білімі және филология мәселелері
- Лингводидактика, қазақ тілін, тілдерді оқыту мәселелері
- Түркітану және салыстырмалы, салғастырмалы зерттеулер
- Көне, орта, жаңа түркі жазба ескерткіштеріне қатысты зерттеулер
- Тіл, әдеби тіл және жазу тарихына қатысты зерттеулер

Мақаланың безендірілуіне қойылатын талаптар: көлемі 5-7 беттен аспауы тиіс, редакторы – *WORD*, кегль 14. Мәтіндер *TIMES NEW ROMAN* қарпімен жазылуы қажет, файлдық форматы – *RTF*. Сілтеме жасалатын әдебиет мақала ішінде реттік саны бойынша (тік жақшаның ішінде), мақала соңында толық түрде көрсетіледі. Мақала тақырыбы ортаға кіші әріппен, жартылай жуан шрифтпен (кегль 14) жазылады; төменірек оң жақта автордың аты-жөні, жартылай жуан шрифтпен (кегль 14), ғылыми атағы мен дәрежесі, астына курсивпен жұмыс орны, қала, мемлекет көрсетіледі (кегль 12). Парақ параметрлері: үстіңгісі мен астыңғысы – 20 мм, сол жақ – 30 мм, оң жақ – 15 мм. Жоларалығы – 1,0 интервал. 2 интервалдан кейін мақала аннотациясы орыс және ағылшын тілдерінде (150 сөз) және бір интервалдан кейін түйін сөздер (5-10).

Конференцияға қатысушылар: отандық және шетелдік белгілі ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары, докторанттар мен магистранттар. Іссапар шығыны қатысушылар тарапынан төленеді.

Конференция материалдары іріктеуден өткен соң мақалалар жинағы түрінде жарық көреді. Конференция жұмысына қатысу жөніндегі өтінім мен мақала мәтінін **2025 жылғы 15 қазанға дейін** (Жазира Тұрғынбаева, байланыс нөмірі: +77471366130; эл.пошта: zhaz71@mail.ru) электрондық поштаға жіберу керек. Басылым жұмыстары үшін ұйымдастыру жарнасы – тегін.

Өтетін орны: Қосымша хабарланады

Конференцияға қатысушының мәліметі:

Аты-жөні (толығымен)	
Жұмыс орны	
Қызметі	
Ғылыми атағы, дәрежесі	
Секция	
Мақаланың тақырыбы	
Мекенжайы (мемлекет, қала)	
Оқу орны, кафедрасы	
E-mail	
Телефон	
Қысқаша аннотация (2-5 сөйлем)	